



# Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

Газет 1934 жылғы 1 қазаннан шығады

№30 (10 233)

26 шілде

жұма

2024 жыл

aksuoniri@mail.ru

## ҚАЗАҚТЫҢ ІРІЛЕРІ, АБАЙДЫҢ ІНІЛЕРІ



### ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ, АҚСУ АУДАНЫ, СУЫҚСАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІН САЙЛАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ЖӘНЕ САЙЛАНҒАН ӘКІМДІ ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

2024 жылы 21 шілде Суықсай сайлау округі бойынша Ақсу ауданының Суықсай ауылдық округі әкімінің сайлауы өтті.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14 - бабының 9) тармақшасына, 44 - бабының 2-тармағына, 45 - бабына, 113 - 10 - бабына сәйкес, Суықсай ауылдық округі әкімін сайлау нәтижелері туралы учаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде сайлау нәтижелерін анықтады:

Суықсай ауылдық округі бойынша сайлаушылар тізіміне 762 сайлаушы енгізілді, оның 410-ы, немесе 53,8% дауыс берді, жарамсыз бюллетеньдердің саны - 11, «бәріне қарсы» деген жолда - 8.

Әкімдікке кандидаттар саны 3 адам, 3-і өзін-өзі ұсыну жолымен ұсынылды.

Әр үміткерге берілген дауыстар саны:

Воронцов Р.А – 4 (1%)  
Камолданова Ж.Г – 90 (22%)  
Сауруков К.К – 297 (72,4%).

Суықсай ауылдық округінің сайланған әкімі Сауруков Қайрат Канатович, 1985 ж.т., «Адина» шаруа қожалығының басшысы, Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Суықсай ауылдық округі, Суықсай ауылында тұрады, өзін - өзі ұсыну жолымен.

Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 113 - 11 - бабының 1 тармағына сәйкес 2024 жылғы 21 шілдеде сайланған Ақсу ауданының Суықсай ауылдық округінің әкімін 2024 жылғы 21 шілдедегі шешімімен тіркеді.

АҚСУ АУДАНЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ.

### Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясының ҚАУЛЫСЫ

№41 22 шілде 2024 жыл

#### Суықсай ауылдық округінің сайланған әкімін тіркеу туралы.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңы 14 - бабының 9) тармақшасына, 45 - бабына, 113 - 11-бабының 1 - тармағына сәйкес, 2024 жылғы «21» шілдеде болған Жетісу облысы Ақсу ауданы Суықсай ауылдық округі әкімі сайлауының қорытындылары туралы сайлау комиссиясы хаттамасының негізінде Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 1985 жылы туған, Суықсай ауылында «Адина» шаруа қожалығының басшысы Сауруков Қайрат Канатович Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Суықсай ауылдық округінің әкімі болып тіркелсін.

2. Сайланған әкімді тіркеу туралы хабар жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

3. Тиісті куәлік берілсін.

Комиссия төрағасының м.а **С.БАЙЖУМАНОВ.**

Комиссия хатшысы **И.ЖҰМАГЕЛДИЕВА.**

## ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН – ЖАЗ ОЙЛА!



Құрметті Ақсу ауданының тұрғындары! Алдағы 2024 - 2025 жылдың қыс мезгілінің ерте түсуіне байланысты

жылыту маусымына дайындық шараларын жүргізу аясында, күз айларында жылу беру кәсіпорындарына көмірді жеткізу жұмыстары атқарылады, ол коммуналды - тұрмыстық көмірді тасымалдаушы вагондар санының, қысқаруына әкел соғады. Осыған орай, жылыту маусымында көмірдің, жетіспеушілігін және әлеуметтік шиеленісті болдырмау мақсатында, Ақсу ауданының әкімдігі қатты отынның қажетті мөлшерін көмір тұйықтары мен қоймаларынан алдын - ала жаз - күз мезгілінде сатып алу керектігін ескертеді.

«Ақсу ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

### “ТАЗА БЕҮСЕНБІ” акциясы Ақсу ауданында



#### “ТАЗА ҚАЗАҚСТАН” ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ ЖАЛҒАСУДА

Ақсу ауданы бойынша “Таза Қазақстан” жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында Ақсу ауданы әкімдігі, “AMANAT” партиясы филиалы, жастар және жасыл ел жасақшылары, мәслихат депутаттарының қатысуымен “Таза бейсенбі” өткізілуде.

Акция барысында Ақтоған су бойынан Ту тұғырына дейін тазалық жұмыстары жүргізілуде. Ақтоған су бойындағы пластикалық және шыны құтыларды қапқа салып, аумақты ретке келтірді.

Тазалық жұмыстарына ден қойып, аумақтарды абаттандыру, көгалдандыру жұмыстарын орындау мақсатында өтті.

“Таза бейсенбі” акциясына Ақсу ауданы бойынша 100-ден астам



партия мүшесі, 9 депутат, 85 мемлекеттік қызметкер аумақты тазартуға шықты. Қоқыс шығаруға 3 арнайы техника жұмылдырылды. Ақсу ауданында акция барысында 3 тоннаға жуық қоқыс шығарылды.



“Таза Қазақстан” партиялық жобасы аясында “Тазалық тал бесіктен” акциясы өткізілді. Экологиялық акцияға Жасыл ел жасақшылары жұмылдырылды.

Жанель ЕСІЛҚЫЗЫ, “AMANAT” партиясы аудандық филиалының консультанты.

БАСПАСӨЗ - 2024

## АҚСУ ӨНІРІ

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛДЫҢ ІІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық “ҚАЗПОШТА” байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар.

“АҚСУ ӨНІРІ” газетіне 1 жылдық жазылу бағасы - 4414 теңге, 80 тиын және жарты жылға - 2207 теңге 40 тиын.

Газет индексі: 66750



## “АМАНАТ” партиясы “БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ” партиялық жобасы аясында

Қапал бастауыш партия ұйымының ұйымдастыруымен “Бақытты отбасы” партиялық жобасы аясында көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың дәрігерлік кеңесімен көшпелі медициналық тексерулер жүргізілді.

Сонымен қатар көмелетке толмағандардың арасында өрт, су, жол қауіпсіздігін сақтау бойынша, ата - аналардың жауапкершілігін арттыру мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

“АМАНАТ” партиясы Ақсу аудандық филиалының “Бақытты отбасы” партиялық жобасы аясында балалар арасында қашықтыққа жүгіруден жарыс өткізілді. Жарысқа 6 ойыншы қатысты.

Нәтижесінде:  
I орын - Болатхан Ақжол, II орын - Жеңісәлі Қанат, III орын - Тасымбек Қадырбек жүлделі орындарға ие болды.



“АМАНАТ” партиясы Ақсу аудандық филиалының ұйымдастыруымен “Бақытты отбасы” партиялық жобасы аясында ойын алаңдарына мониторинг жүргізілді.

“АМАНАТ” партиясы Ақсу аудандық филиалының Қаракөз бастауыш партия ұйымының ұйымдастыруымен, “Бақытты отбасы” партиялық жобасы аясында аз қамтылған отбасыларға азық-түлік себеті табысталды.



“АМАНАТ” партиясы Ақсу аудандық филиалының “Бақытты отбасы” партиялық жобасы аясында Қарашілік бастауыш партия ұйымының ұйымдастыруымен көпбалалы отбасылардың хал - ахуалын сұрап, медициналық тексеру жүргізілді.



“АМАНАТ” партиясы Ақсу аудандық филиалының “Бақытты отбасы” партиялық жобасы аясында Ақсу политехникалық колледжінің ұжымы, “АМАНАТ” партиясы мүшелерінің қатысуымен “Отбасы алтын бесік!” атты дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелде отбасы құндылығы және бала тәрбиесі жайлы түйткілді мәселелер жайлы қозғалды.

**Жанель ЕСІЛҚЫЗЫ,**  
«АМАНАТ» партиясы аудандық филиалының консультанты.



## “EGOV.KZ-ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТ” порталы



“Egov.kz-электрондық үкімет” порталы арқылы көптеген мемлекеттік қызметтерді электрондық форматта ала аласыз. Қазіргі таңда техника, технология жетістіктерін шеберлікпен пайдаланудың арқасында мемлекеттік органдар мен үкіметтік ұйымдар ел азаматтары мен тұрақты қарым - қатынас жасаудың тиімді жолдары осы электронды үкімет жүйесі арқылы тапты.

Мұның тиімділігі айтарлықтай. Қажетті ақпаратты жедел береді, мемлекеттік қызмет көрсетуді тиімді етеді және шығынның аздығымен әрі ашық, жариялығымен ерекшеленеді.

Бүгінгі таңда елімізде мемлекеттік қызмет көрсету саласын дамыту және мемлекеттік аппарат жұмысын ақпараттандыру, шенеуніктердің азаматтармен тікелей байланысын қысқарту және сыбайлас жемқорлық құбылыстары үшін жағдайларды азайту бойынша кешенді шаралар қабылданды. Мемлекеттік қызметтерді алу рәсімі неғұрлым жеңіл және ашық болса, сыбайлас жемқорлық деңгейі соғұрлым аз болады.

Әрбір қазақстандық азаматтың әл - ауқатын арттыруда қабылданған маңызды қадамдарының бірі «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы. Технологиялық тұрғыда дамыған ел экономикасы барлық салаға өз серпінін береді. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы мемлекеттік қызмет көрсету жүйесін жетілдіруге бағытталған. Қазіргі мемлекеттік қызмет көрсету орындары онлайн жүйеде жұмысын жандандырып отыр. Әр адам үйден шықпай-ақ ұялы телефонмен www.egov.kz сайтына кіре алады. Электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану қиын емес. Интернет арқылы www.egov.kz веб-порталына кіріп қажет қызметті алуға болады. Сондай-ақ, «Қаракөз ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде ауыл тұрғындарына арнап egov.kz – өзі қызмет көрсету бұрышы ашылған. Осындай арнайы бұрыштарға келіп, кез - келген азамат және ауыл тұрғындары тәуліктің кез - келген уақытында анықтамаға өтініш бере алады. Жыл басынан бері өзіне – өзі қызмет көрсету бұрышы арқылы 62 қызмет көрсетілді. Азаматтарының мұқтажы мен қажеттіліктеріне арналған осындай қызмет түрлерінің дамуына өз үлесімізді қосу әрі игілігімізге жарата білу біріміздің парызымыз.

**Найля ТАСБОЛАТОВА,**  
«Қаракөз ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маман - іс жүргізушісі,  
“Аманат” партиясының мүшесі.

# КІШКЕНТАҰ



Қаракөз ауылдық округінің Б.Садырбайұлы мектебінің оқушысы Нұржан Жұмағалиұлы Басқан өзенінен жас бүлдіршіндерді суға кетуден құтқарып қалған көмегін үлкен ерлікке ылайық деп танып, ауыл тұрғындары өздерінің құрметтері мен қошеметіне бөледі. 4 жастағы бауырын құтқаруға өзі түсіп, 6 жастағы бала қоса ағып амалсыздан суға ағып бара жатып үлкені көмек сұрап айқайлаған, сол кезде Нұржан батыр дер кезінде көмекке келіп үлкеніне талдан ұстан жіберме мен кішкентайды ұстап алайын, сосын сені де құтқарамын деп екеуін судан алып шыққан. Бұл нағыз ептілік пен адамға деген адал ниетінің нағыз тәрбиенің белгісі. Нұржан батырдың ерлігі осылай еленді. Осындай батырларымыз көп болсын. Балаларға және өздеріңізге абай болыңыздар!

**Еркін ҚАСЫМБАЕВ,**  
«АМАНАТ» партиясы Ақсу аудандық филиалының Қаракөз БПҰ төрағасы.

# ҚАҺАРМАН





**"МОТОЦИКЛ" ЖЕДЕЛ - АЛДЫН АЛУ ІС - ШАРАСЫ**



Жаз мезгілінде мотокөлік құралдарын белсенді пайдаланудың басталуына байланысты, авариялардың алдын алу және ескерту мақсатында 22 - 27 шілде аралығында Жетісу облысының аумағында "Мотоцикл" жедел - алдын алу іс - шарасы өткізіледі.

Іс - шараны өткізу кезеңінде жергілікті полиция қызметінің және әкімшілік полицияның жол - патрульдік полициясы қызметкерлерінен арнайы топтар құрылды. Арнайы топ — жол қозғалысы ережелерін бұзатын және ІІО-да тіркелмеген мотокөлік жүргізушілерімен жұмыс жасайды.

Сонымен қатар әрбір аумақтық полиция бөлімінде көмелетке толмаған мотокөлік жүргізушілерімен жұмыс істеу үшін ювеналды полиция қызметкерлерінен талдау топтары құрылды.

Құрметті мотоциклистер, скутер және басқа екі доңғалақты көлік жүргізушілері! Сіздер қауіптілігі жоғары көліктерді басқарғандықтан, қарапайым қауіпсіздік шараларын сақтаңыздар.

**Мақсат ҚАЛДЫБАЕВ,**  
Ақсу ауданы ІІБ-нің жергілікті полиция бөлімшесі бастығының міндетін атқарушысы.

**"ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ" жобасы аясында оқыту басталады**

2024 жылдың 05-09 тамыз күндері аралығында Ақсу ауданы бойынша Жансүгіров ауылында, Қабанбай батыр көшесі, №24 мекенжайы бойынша:

12-16 тамыз күндері Қапал ауылы, Алыбаев көшесі, №7 мекенжайы бойынша:

19-23 тамыз күндері Қызылағаш ауылы, Жастар көшесі, №29 мекен-жайы бойынша ауылдық округтердің әкімшілік ғимаратының мәжіліс залында аудан тұрғындарының қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында оқыту басталатындығын хабарлаймыз.

Оқыту бес күнге созылады.

Оқыту шеңберінде:

Қаржы сарапшылары жеке консультациялар өткізеді.

Қатысушылардың қалауы бойынша өз бизнесін ашу үшін мемлекеттік гранттық және кредиттік бағдарламаларға бизнес-жоспар жазуға көмектеседі.

Білікті заң көмегін және тағы басқа да сұрақтар бойынша ақпараттар ала аласыздар.

**"АҚСУ АУДАНЫНЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР" БӨЛІМІ.**

**● МАМАН КЕҢЕСІ**

Сібір жарасы (Anthrax, топалаң си-бирская язва.) - жіті өтетін, күйдіргі тектес қабыну ретінде байқалатын, зооноз тобындағы жедел жұқпалы ауру. Ол дене қызуының көтерілуімен, лимфа жүйесінің зақымдалуымен және ағзаның ауыр түрде улануымен сипатталады. Сібір жарасы терілік, өте сирек ішектік, өкпелік және сепсистік формада өтуі мүмкін. Бұл ауру малдың әр түлігінде өзінше аталып келді, жылқыда -жамандат, талақ , сиырда - карабез, түйеде - шелек немесе ақ шелек.

Аурудың қоздырушысы – таяқша пішінді, қозғалмайтын аэробты бактерия. Бұл бактериялар адам мен жануарлардың ағзасынан тыс жерлерде споралар түзуге қабілетті және олар физикалық-химиялық әсерлерге өте төзімділік танытып, қоршаған ортада көп жылдарға дейін сақталады.

Сібір жарасын адамға жұқтырушы көз – үй жануарлары (ірі қара мал, қой, ешкі, түйе, шошқа) болып табылады. Адамға аурудың жұғу жолы көбінесе жанасу арқылы (малды сою кезінде терісін түсіруде немесе мал терісін өңдеуде) және бактерияның спораларымен ластанған тағамдар мен ауыз суын қолданғанда және ластанған топырақты егістікте қолдануда жұғуы мүмкін. Ауырған малды лажсыздан соудың да қаупі мол. Сойылған малдың еті, терісі, қаны, ластанған жем-шөп арқылы ауру үлкен қашықтыққа апарылады. Қоздырушының таралуына етқоректі жануарлар мен жыртқыш құстар да белгілі дәрежеде қатысады.

Сібір жарасы жануарларда клиникалық белгілері әдетте жіті, сирегірек жітіден төмен өтеді. Аса жіті негізінен қой мен

*Сібір жарасы ауруы, оның алдын алу шаралары!*



ешкіде, сир егірек жылқы мен сиырда байқалады. Ауырған мал кенеттен, аурудың клиникалық белгісі байқалып үлгірмей-ақ, өліп кетеді. Мұндай жағдайда қой енгітіп, дірілдеп-қалшылдап, кейде орнында секіріп барып құлайды да, бірер минуттың ішінде өледі. Мұрны мен аузынан қанды көбік ағып жатады. Жылқы мен сиыр еліріп, одан кейін тез басылады. Енгітіп, солығын баса алмай дем алады, тамыры жиі соғып, кілегейлі қабықтары көкшілденіп, дене қызуы 41-42°С жетеді. Бірнеше минуттан кейін, кейде бірер сағат өткеннен соң ауырған малдың тапыршып, денесі құрыстанып барып жаны шығады. Аурудың жіті өрбуі кезінде сиыр мен жылқыда дененің қызуы көтеріліп (41°г дейін), тыныс алуы мен тамырдың соғуы жиілеп, бұлшық еттері дірілдейді. Мал жемшөптен қалып, ірі қара күйіс қайтаруын тоқтатып, сауын сиырлардың

**"АРДАГЕРЛЕРДІ АРДАҚТАЙЫҚ!" партиялық жобасы аясында**

"АМАНАТ" партиясы Ақсу аудандық филиалының ұйымдастыруымен "Ардагерлерді ардақтайық!" партиялық жобасы аясында таңғы жаттығу өткізілді.



"Ардагерлерді ардақтайық!" партиялық жобасы аясында Көшкентал бастауыш партия ұйымының төрайымы қабылдау өткізді.

"АМАНАТ" партиясы Ақсу аудандық филиалының Суықсай бастауыш партия ұйымының ұйымдастыруымен "Ардагерлерді ардақтайық!" партиялық жобасы аясында жалғыз басты қария апамыздың үй ауласы тазартылды.



"АМАНАТ" партиясы Ақсу аудандық филиалының ұйымдастыруымен "Ардагерлерді ардақтайық!" партиялық жобасы аясында волонтерлық шара өткізілді. Шара барысында ардагерлердің ауласы, бау-бақшалары тазартылды.

**"КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК" партиялық жобасы аясында**



"АМАНАТ" партиясы Ақсу аудандық филиалының Жаңалық бастауыш партия ұйымының ұйымдастыруымен "Кедергісіз келешек" партиялық жобасы аясында Жаңалық ауылдық округінде мүмкіндігі шектеулі жандарға тегін медициналық көмек көрсетілді.



"АМАНАТ" партиясы Ақсу аудандық филиалының ұйымдастыруымен "Кедергісіз келешек" партиялық жобасы аясында әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне рейд жүргізілді.

**Жанель ЕСІЛҚЫЗЫ,**  
«АМАНАТ» партиясы аудандық филиалының консультанты.

ралы ветеринариялық қызметкерлерге хабарлауы қажет. Малдәрігерінің бақылаусыз малды союға, етін жіліктеуге, ауру жануарлардың терісін, жүнін өңдеуге болмайды.

Адамдарда аурудың алғашқы белгілері жұқтырғаннан кейін 2-8 күннен кейін байқалады. Ауру әртүрлі клиникалық формаларда – терілік, асқазан-ішек, өкпелік түрде өтеді. Адамдарда сібір жарасының терілік түрі анағұрлым жиі кездесіп, көр шиқанды (карбункул) түрінде болады. Көр шиқан (карбункул) көбінесе дененің ашық жерлерінде: бетте, мойында, қолдарда пайда болады. Науқастар ауырған кезде бас ауруына, шаршау, әлсіздік, ыстығының көтерілуіне шағымданады. Сібір жарасы ауруының өкпелік түрі өте ауыр өтеді. Күшті қалтырау, енгіту, терінің көгеруі, қанды қақырықтың бөлінуі болады. Сібір жарасы ауруының асқазан-ішек түрі білінбей дамиды және құсу, қан аралас іш өтуді пайда болуы кеш белгілері болып табылады.

Құрметті аудан тұрғындары! Сібір жарасын жұқтырудан, Сіз өзіңіздің және жақындарыңыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, жануарлардың ауырған деректері, және өлген жануарлар туралы дереу малдәрігерлік маманға хабарлау қажет. Сібір жарасы – жануарлар және адамдар өмірі үшін қауіпті ауру екенін естен шығармайық.

Жоғарыда айтылған мәселелер бойынша туындаған сұрақтарға, мына телефондар арқылы ақпарат алуға болады. 8(72832)2-00-33; 2-94-43.

**Индира ОҢАЛБЕКОВА,**  
мемлекеттік вет-сан инспекторы.



Айтыс 1863 жылы  
Тарбағатай бауыры, Итжонды  
- Арқа жеріндегі Қаракерей  
елінде, Бексұлтанның ұлы  
Сүлеймен төренің асында  
өтеді. Ақын Түбек жәді  
ауыруынан жазылып, ол да  
Сүлеймен төренің ұлдарына  
көңіл айта, асына келеді.  
Матай елі асқа келді дегенді  
естіп, Матай елін басқарып  
келген Маманға арнап Түбек  
өлең айтады.

**Түбек:**

Матай елі деген соң,  
Маман келді,  
Түбек естіп, әдейі  
саған келді.  
Түйе мен ат бастатқан  
тоғыз алып,  
Қайтайын деп алдыңа  
ағаң келді.  
Белгілі Наймандағы  
кең сабағың,  
Маманжан танымсың,  
мен баяғың.  
Сексен жас өрісімді  
ер көрсетті,  
Бұл келген Жетісуға  
бата аяғым.  
Осы жолы  
«үш тоғыз аламын» деп,  
Алдыңда көңілімді  
кең жаямын.  
\*\*\*  
Арғын - Найман жиналған  
келдім асқа,  
Сан жиынды көп көрдім  
бұдан басқа.  
Қылыштап қия алатын  
өткір сөзді,  
Суырсам кесер қойтас,  
шапсам тасқа.  
Өзіңді - өзің келеке  
етесің бе?  
Ұсынасың он теңге  
қағаз ақша.

Бұл неменді  
несіне көрсетесің?  
Насыбайдың құнындай,  
бір-ақ шақша.  
Бай Маман, батыр Маман,  
мырза Маман,  
Деп ойлап, ұқсатпаймын  
сараң насқа.  
Он теңге ақша берген  
намысыңды,  
Көп мазақ қып айтпай ма,  
аузын ашса.  
Он теңгелік бағаңа  
құн кесетін,  
Әділ билік айтамын,  
елі саспа.  
Өңіріне үш елі құндыз  
ұстатқан, мақпал астарлы,  
қара құлынның терісінен  
жасалған зерделі белдікті  
Тұрысбек Түбекке ұсынып  
береді. Түбек алтын жамбы  
алуға үміт қылады. Маманның  
ұлы Тұрысбек ақын Түбекке  
он теңге ақшаны алдына тас-  
тайды. Сонда Түбек:

Қалқабайдың баласы атың  
Маман,  
Сені балаң билеген заңға  
жаман.  
Не берсең де Маманжан  
өзің сыйла?  
Балаларға қараған күнің  
қараң.  
Бұл Түбек көпке айтуға  
ұялады,  
Келіп ем дәулетіңнен сый  
алғалы.  
Сары алтын сақалынан  
аққан Маман,  
Ат мініп, шапан киіп, түйе  
алғалы.  
Беу, Маман, сөз сөйлеймін  
есті құтқа,  
Орта жүз, Ой - Найманға  
болдың тұтқа.  
Ернің бүл өткені  
ем болады,  
Жетсін бе бұдан артық  
қолың бұлтқа.  
Болғаны түннің қара  
таңға жаман,

**ТОЛҒАНБАЙ МЫРЗАҒҰЛЫНЫҢ 180 ЖЫЛДЫҒЫНА!**

# Түбек пен Молғанбай

Қасаба қара төбет аңға жаман.  
Балаға келген жерден жол бергенің,  
Билеуі бала сені заңға жаман.  
Нәрсені қол жетпеген арбаушы едім,  
Көзімді мұндайыңа салмаушы едім.  
Тастады он теңгені Тұрысбегің,  
Кетпесе жетпіс жеңіп, алмаушы едім.  
Жаратты мені Құдай бақты қылмай,  
Ұстайтын пұлды байқап сақтығын-ай.  
Ұсынды он теңгені Тұрысбегің,  
Түйенің бура шөккен ақтығындай,  
- деп түйеді. Сонда Түбек ақын жас  
ақын Толғанбайға бір қарап, сөз бас-  
тайды. *Қаратай Биғожин Түбек ақын  
Байқошқарұлы 1785 жылы туып, 1877  
жылы қайтыс болғанын көрсетеді. Түбек  
ақын 1896 жылы тірі болған. Себебі,  
Аронұлы Сүйінбай ақынның асында 1896  
жылы өлең - арнау айтқанын Әбубәкір  
Диваев деректейді. Мөлшермен Түбек  
1897 жылы қайтыс болса керек. Түбек  
ақын 1863 жылы Толғанбай ақын  
Мырзағұлұлымен айттықанында 77 жас-  
та болған. Сонда Түбек ақын 1786 туып,  
111 жас жасаған болып шығады.*

**Түбек:**

Келдім мұнда Құдайдың бұйрығындай,  
Мен де көрдім Толғанбай жүйрігінді-ай.  
Кенже деген еліңді естуім бар,  
Қара тоқал ешкінің құйрығындай.  
Мазданып ырғаласың сен Толғанбай,  
Толқып, тасып келемің кең тұрғандай.  
Береке басы байлы бір Кенже жоқ,  
Ардақтап айдар тағып сөз қылғандай.  
Тұржау, Тақет бір ел ме, екі бөлек,  
Қаракерей Қабанбай, мен Жанкөбек.  
Елге айтып іштің шерін тарқатпаса,  
Дыңғырлаған қу ағаш неме керек.  
Ай, Толғанбай, домбыраң ұзын екен,  
Өшекірлеп, сырлаған қызыл екен.  
Боталаған түйедей үкі тағып,  
Ұзататын біреудің қызы ма екен?  
Қаракерей бабамнан екі «торы»,  
Соқтығар бұл Толғанбай тұртсе соры.  
Үш Матайдың шөжіген Кенжесі едің,  
Тұржау, Қасқа, Тақетің елдің қоры.  
Тақет, Тұржау ел дейді екі тайпы,  
Қасқа елің хас кедей, маңдайы тайқы.  
Толғанбайдың домбырасы

қандай жақсы,  
Шылымындай орыстың басы қайқы.  
Намысыңа мен тидім бойда жүрген,  
Өлеңіңді көрсетші ойда жүрген.  
Кенже деген жарым ел кім білмейді,  
Ешкінің құйрығындай қойда жүрген.

**Толғанбай:**

Ауылым Аман қыстап, Ақжал көктеп,  
Күздікке малын айдап көшер беттеп.  
Жарда тұрған жантаққа тісі батпай,  
Кәрі түйе малжаңдап шайнар көкпек.  
Жасыңның үлкендігін сыйлайын деп,  
Отыр едім сөз қатпай шегіншектеп.  
Кәрі төбет қапқанмен тісі батпаса,  
Үргенге жасқанам ба, босқа кет деп.  
Өлеріңнің шағында ырылдайсың,  
Әдейілеп келгендей маған беттеп.  
Ақжалым, Жаманжалым бел емес пе,  
Кенже деген бір талай ел емес пе.  
Тұржау, Қасқа сен өзің деп сөйлейсің,  
Тақетім шалқып жатқан көл емес пе.  
Атамның азынасын кемітесің,  
Тоғызы Тоқпанбеттің мен емес пе.  
Елдің бегі, мырзасы аңдығаның,  
Атама тіл тигіздің, алжығаның.  
Елден жинап алсаң да қосты жылқы,  
Жібіген жоқ қасаны қанжығаңның.  
Баяғындай кеуденді көтересің,  
Демейсің кейінгіден шалдығамын.  
Сары-Арқаны сатқалдап Жетісудан,  
Орта жүзді жесеңде мандымадың.  
Өлең қонып, түнеген бабам Сақай,  
«Айт» деп тұрса мен неге аңырамын.  
Кәрі бүркіт қартайып тышқаншылап,  
Түбек сөзден жаңылдың алжығаның.

**Түбек:**

Он жеті ақын, бірі мен Байқарадан,  
Көрмей үрген төбетсің айдаладан.  
Өлін білмес әлектің өзі екенсің,  
Өзі ұрынар қақпанға байқамаған.  
Өлең қонған ауылыңа бабаң Сақай,  
Ерегессең боларсың ту талақай.  
Шешең Айна үш байға тиген екен,

Қырық темір қылауы қиқым, бақай.  
Мақтама Тақетіңді бай екен деп,  
Айдағаны қой, ешкі, тай екен деп.  
Жөні бүтін түйе мен жылқысы жоқ,  
Көтерме төрт құбыласы сай екен деп.  
Жайрағыр жас басыңнан сөзің кермек,  
Болатұғын мен бе едім саған ермек.  
Осы сөзбен ілмелеп алпарыстың,  
Аңғарамын сөзіңнің түбін тергеп.  
Қанды балақ ұрының өзі екенсің,  
Ел күйзелткен немесің, қан шеңгелдеп.  
Шошқа да тоғыз түгіл он табады,  
«Көппін» деп күпінесің қырсық теңдеп.  
Атым Түбек екені рас болса,  
Қартайсам да болармын саған еңбек.

**Толғанбай:**

Егесте қара дауыл желдей едім,  
Сыйласаң жазғы шалқар көлдей едім.  
Бай болсаң қайыр тілеп не қып жүрсің,  
Зекет бар, біздің елге кел демедім.  
Өлер күнің жеткенше азық болар,  
Қайырдан Маман берген теңгелерің.  
Қайыршылық өлеңді тоқтат енді,  
Сөз киеме жолықтың енді менің.  
Сөйлейсің тіл тигізіп, құрып айла,  
Білдің атам Қоңырбай, шешем Айна.  
Жоңғардың жойқынында ерлері өліп,  
Қасиетпен тиіпті үш-төрт байға.  
Арғы бабам айттың Сақайды атап,  
Тіл тисе Тұңғат дуа буар матап.  
Тоқпанбет, одан бергі аруақты атам,  
Көргені жоқ байланып жаман атақ.  
Өлеңің құрып қалсын, өлгенше айтқан,  
Жетпістің жетеуіне келгенше айтқан.  
Сексеннің келгенінше сеңгіріне,  
Өзіңді қуып жүрген қандай сайтан?

**Түбек:**

Басыңа үкі тағып жынданасың,  
«Өткірмін» деп аузыңмен қыл қабасың.  
Ауыл үйге ақынсып жүргенсің ғой,  
Өлеңің көрсетейін шын бабасын.  
Ақын болып ұядан ұштым түлеп,  
Мен долдансам Толғанбай қалма жүдеп.  
Он жеті ақын, басы Ақтайлақ би,  
Маңайымнан кетпеген қыдыр түнеп.  
Жанақ та Сабырбайдан жол алмаған,  
Белеңге бұрын шыққан өрден үдеп.  
Көп түскен Арғын, Найман арасына,  
Сөздің дүрі мен едім ақын Түбек.  
Қыпшақ, Арғыннан артты атамыз көп,  
Тең келмес Керей, Уақ, Тарақты көп.  
Дәулетті Сыбан - Найман бөлінеді,  
Байкөбек, Жанкөбек, Салпы елі деп.  
Қаракерейден білсең кіші жүз аз,  
Тізілем деп біздеге болмағай мәз.  
Кіші жүздер байлықта тағы төмен,  
Олардың бола бермес көңілі жаз.  
Сан жағынан тең келмес Ергенекті,  
Біздерден дәулеті елде қайда аз.  
Матайдан Қаракерей бай боп асқан,  
Көптігі жердің бетін шөптей басқан.  
Қаракерей орнынан қозғалғанда,  
Матай, Садыр, Төртуыл тұра қашқан.  
Терістаңбалы, Ергенекті жасық,  
Барағымнан қаймығып қатты сасқан.  
Қисығым аға сұлтан сайланғанда,  
Ергенекті қорғалап Қытай асқан.  
Қаракерей ішінде бес Байыспын,  
Тұрманға сәндігі жоқ жас қайыстың.  
Жын, пері шаужайымнан қаға алмайды,  
Дәл сендей әккілермен көп сайыстым.

**Толғанбай:**

Қыржыда сен мақтандың әкем көп деп.  
Өзің айттың атаңды Жанкөбек деп.  
Сыбанды жұрт білетін сонша мақтап,  
Тағы айттың бір атаңды Байкөбек деп.  
Арғын, Қыпшақ, Керей, Уақ, Тарақты,  
Сөйледің сан жағынан аз келед деп.  
Жер бетін Қаракерей басқан шөп деп,  
Мақтандың Сыбан, Мұрын

саны көп деп.  
Мықты болсаң елге мән түсіндір сеп,  
Сөз неден «Тобықтыдан таяқ жеп» деп.  
Мақтанба бұл арада Түбек шұнақ,  
Біліп қой, Сібір жақта түбің Уақ.  
Есілден сені керуен әкелген ғой,  
Жетім боп жүргеніңде күнде жылап.  
Есіркеп Сыбан шалы сені аяп,  
Бала деп панасы жоқ алған саяқ.  
«Ұлым» деп найман сені бақсадағы,  
Дәл бүгін бізге пышақ тұрсын таяп.  
Жүргенде екі көзің толып жасқа,



Сыбанға бала бопсың алты жаста.  
Найманның руларын жамандайсың,  
Болған соң шыныменен теңің басқа.  
Арқада ерке Есіл Уағысың,  
Сырт елдің білмейтұғын жұмбағысың.  
Өлеңді қартайғанша айтып жүрген,  
Аяғез аймағының ардағысың.  
Әлде бұл алжығанның белгісі ме,  
Бұл сөзің жараспайды жөн кісіге.  
Алалап Төлек ата балаларын,  
Сөйлейсің елде қалай сен күпіне.  
Арғын, Қыпшақ, Керей, Уақ, Тарақты,  
Санасаң бәрін қосып көп емес пе.  
Кіші жүзді бүтіндей салыстырсаң,  
Қаракерей олардан кем емес пе.  
Есеп білмей сөйлейсің езді еспе,  
Жұрт алдында мақтанып,

болдың бөспе.  
Өсіріп найман санын айтқаныңмен,  
Жалған сөзбен шықпайсың

еш белесең.

Арғын, Қыпшақ, Уақ, Керей, Тарақты,  
Салғастыр Қаракерей көптігі жоқ.  
Сөзіңнің осы айтқан бәрі жанақ,  
Ешкімге тигізетін септігі жоқ.  
Кәрі азбан белгісіз ғой әкең аты,  
Сыбанда өрге шығар таптың саты.  
Шалына Байгөбектің бала болып,  
Жыр жырлап, елді мақтап алдың ақы.  
Айтылмай Балталы мен Бағаналы,  
Қоңырат естен шығып алаланды.  
Бөза ішкеннен ұмытып қалдыңыз ба?  
Аталмай Үйсін елі, аға қалды.  
Расқа шықты қалқып көбе іріңді,  
Айтқаныңнан қара азбан білінді.  
Түбектің түйсігі аз, пәлсафа жоқ,  
Жұрттың сөзі сын боп байлар тілінді.  
Есірме ажырайып, кірме Уақ,  
Айтасың ұсақ - түйек өлең құрап.  
Бай болсаң, ауыл кезіп үйде отырмай,  
Жүресің неге елден қайыр сурап.  
Не деді, айтқанда керей Жанақ,  
Бір өзін он жетіге таймай балап.  
Бәріңді Жанақ жалғыз жеңіп шыққан,  
Сыбанда жолы болып құдай қалап.  
Өтірік ішке қалай сияд деймін,  
Жамандыққа ел қалай қияд деймін.  
Жанақтай ағасымен тайталасқан,  
Түбек сенде жоқ екен ұят деймін.  
Найман ақын атанып жайылды атың,  
Таныды жырау ғой деп алыс, жақын.  
Арқада Есіл өзен бойынансың,  
Мақтанба Қаракерей емес затың.  
Жасыңда сайқал қатын жады қылып,  
Жергекте сені соққан жын емес пе.  
Қайырлаған кемедей қаңсып қапсын,  
Тіл алсаң меніменен көп егес пе.  
Жетпістің жетеуінде өлең айтып,  
Жын менен сені соққан пері емес пе.  
Айтар сөзден адасып, босқа танып,  
Алжып жүрген боз азбан сен емес пе.  
Орысты көп болсаңда қырғаның жоқ,  
Ләпсіңді бай болсаңда тиганың жоқ.  
Жетпістің жетеуінде желкілдейсің,  
Құдайдың сен «сұқ» иті иманың жоқ.  
Түбек ақын ашуланып, домбыра-  
сымен Толғанбайды ұрмақ болып  
ұмтылғанында, қасындағы игі жақсылар  
оны иығынан басады. Түбек ақынға Ма-  
ман құт:

- Қос шоқыншық» атанған Әйім, Жекей-  
мен айттықанында қандай едің? - дейді.  
Түбек ақын:

- Ескен желдей, шалқыған көлдей едім!  
- дегенінде, Маман құт:

- Ендеше сол бақ заманың  
Толғанбайдың басында тұрған жоқ па? -  
дейді.

- Мен, ақымақ, шын алжасқан екенмін!  
Алдымда желдей есіп жас тұрғанда! Ай-  
тысты доғардым енді! - деп домбырасын  
тізесіне ұрып сындырып, 77-ті жастағы  
Түбек ақын 19 жастағы «тасқын» ақын  
Толғанбайға сол жерде батасын беріпті.

Қайым Мұхамеджанов: «Түбек пен  
Толғанбай үш күн, үш түн айттықан», -  
деп жазады.

**Жемісбек ТОЛЫМБЕКОВ.**



## ДҮЛДҮЛ АҚЫН. БҰЛБҰЛ ӘНШІ КЕНЕН ӘЗІРБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА - 140 ЖЫЛ!

Дүлдүл ақын, бұлбұл әнші Кенен Әзірбаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы Sputnik Қазақстан дерекқорынан оқыңыз.

Қазақтың халық ақыны, жырау, әнші және композитор Кенен Әзірбаев 1994 жылы қазіргі Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Мәтібұлақ ауылында туған. Әкесі – Әзірбай, анасы – Ұлдар. Дулат тайпасының жаныс руынан шыққан.

Кенен 10 жасында қолына домбыра алып ән салған. 11 жасында тұңғыш әні "Ри, қойым", 13 жасында "Бозторғай" әнін шығарды. Бұл ән халықты елең еткізіп, Кенен есімі кең тарай бастайды. Бала Кенен қазақ-қырғызға мәлім болып, "Боздаланың бозторғайы" атанды.

**КЕНЕН ӘЗІРБАЕВТЫҢ ОТБАСЫ**

Кенен Әзірбаев екі рет үйленген. Алғашқы әйелі Үлпілдекпен 17 жасында шаңырақ көтерген.

Үлпілдектен Әзірбай әулетіне үш қыз дүниеге келген. Кенен 20 жаста болғанда тұңғышы Талжібек туған. Ол 1979 жылы 75 жасында Алматы облысы Қаскелең қаласы Көкөзек ауылында дүниеден өтті.

Өнерімен ел көзіне түскен қызының бірі – Талжібектен кейін дүниеге келген Зұлхия. Ол аса көрікті әрі суырыпсалма ақын, әнші болыпты. Кенен қызын көп көзіне түсірмей, топ алдына шығып өлең айтуға ерте деп жібермей жүрген. Бір күні Кенен үйінде жоқ кезде ауылда үлкен тойға анасына еріп барған. 13 жастағы Зұлхия сол күні бірінен соң бірі шыққан жігіттермен айтысып, бәрін бет қаратпай жеңген. Осы тойдан кейін қызы көп ұзамай төсек тартып, ауырады. Ауылдың бақсы-балгері көз тигенін айтқан. Осылайша сүйікті қызы Зұлхия мезгілсіз қаза табады.

Үлпілдектен туған үшінші қызы – Ұлтай. Сәбиді дүниеге әкелген соң ақынның әйелі сал ауруына шалдығып, ұзақ жатып қалады.

Содан кейін Кенен Әзірбаев 16 жасқа жаңа толған Нәсиха есімді қызға үйленеді. Ол туралы Нәсиха:

"Ел ішінде әнші, ақын атағы баяғыда тарап кеткен адамның жылы назарына іліккеніме өзімді шексіз бақытты санадым. Сонымен сөз байласып, үйлендік. Үйіміз Кененнің туған жері Мәтібұлақтан. Бірінші әйелі Үлпілдек ауру екен, құдды енемдей, одан туған қыз – Талжібек мен келгенде 13-14 жаста екен, ол қайын сіңілімдей, 2-3 жасар Ұлтай тұңғышымдай болып кетті. Үлпілдекпен 2-3 жылдай тату-тәтті өмір сүздік. Батасын беріп, ризашылықпен қыздарын маған тапсырып жатып көз жұмды. Екі қызды да өзім өсірдім. Екеуін де өз қолымнан ұзаттым", - деген естелігінде.

Ұлтай Кененқызы 49 жасында өмірден өткен. Артында бес баласы қалды.

Кенен мен Нәсиханың отбасына келсек, ол тұста Кенен Әзірбаев ревком болып тұрған. Екеуінің шаңырағында алдымен ұл бала дүниеге келген. Кененнің қызметіне қарап оны Болысбек деп қойған. Бірақ ол сегіз күннен кейін шетінеп кеткен. Араға аз уақыт салып, екінші ұл дүниеге келеді. Оны Тұрсын деп қойған. Ол да екіге толмай, дүние салған. Одан соң Базар, Назар деген аралы екі жылдан екі ұл туған. Ерлі-зайыптының көңілі орныққандай болады.

Алайда әртүрлі алып-қашпа сөз бен толассыз арыздан кейін Кенен Әзірбаев ревком төрағалығынан босатылады.

Жығылған үстіне жұдырық болып, 1928 жылы Базар 3 жасында, Назар бір жарым жасында екеуі бірінен соң бірі бір-ақ күнде қайтыс болады.

Төрт ұлынан айырылған Кененнің "Базарым-ай, Назарым-ай" әні туған.

Ақ ешкі, зарланасың лағыңа,  
Сүт берген емшегіңнен шырағыңа,  
Қосылып, кел, екеуіміз бір жылалық,  
Тәңірінің жетер ме екен құлағыңа...  
дейді.

1933 жылы Нәсиха қыз туады. Сәбидің аты Қырғызбала болады. Алайда ол 7 ай ғана өмір сүрген.

Кенен әулетінде 1936 жылы қуаныш болады. Сол жылы әнші Мәскеуде өткен қазақ әдебитеті мен өнерінің онкүндігіне қатысуға мүмкіндік алған, отбасында қыз бала дүниеге келген.

"Ендігі мәселе қайткенде де мені алдыңғы балалардай өлтіріп алмау, ұзақ өмір сүргізу болса керек. Бұл арада анамның анасы – әжем Мысбала мен ауыл әйелдерінің, көрші-қоландардың іс-әрекеттері менің өлмей тірі қалуымның бірден-бір себепкері сияқты. Шыр етіп жерге түскеннен кіндігімді ер балаға балтамен кестіріп, балтадай мықты болуымды тілепті. Онан соң 70, 80, 90-нан асқан үш кемпірдің және бір шалдың астынан өткізіп алыпты да, атымды "Төрткемпірбіршал" қойып, құлағыма үш рет айғайлапты. Содан мені бір қап

тезекке біреуден сатып алып, тымаққа салып іліп қойыпты. Жақсылап шілдехана жасаған. Сөйтіп, әйтеуір, ауырсам да, сырқасам да айналадағылардың ес-түсінен түк қалдырмай жүріп, өлмей мектеп жасына толыппын", - деп жазған Төрткен Кененқызы.

Екі жасында анасының аяғы ауырлап, ата-әжесінің тәрбиесіне берілген. Осылайша ол Кененова Төрткемпірбіршал болып мектепке барған.

6-сыныпта жүргенде атына көпшіліктің күлетінін айтып, атын ауыстыруды өтінеді. Осылайша атынан "Төрт" деген бөлігін қалдырып, Кененнің "Кен" бөлігін алып, Төрткен деп өзгертеді.

Төрткеннен кейін отбасыда 1939 жылы ұл бала туған. Оның атын Көркемжан қойған. Ол кезде Кенен Әзірбаев 55 жаста болған. Сол күні Жамбыл Жабаев үйіне арнайы барып, құтты болсын айтып, баласының атын Көркемжан қойған.

Көркемжан 55 жыл өмір сүрді. Кенен Әзірбаев 65 жасында, әйелі 43-ке келгенде отбасында Ақтамақ деген қыз дүниеге келген.



## Он үшінде боздаланың бозторғайы атанған Кенен ӘЗІРБАЕВ туралы не білеміз?

1951 жылы Кенен 68 жаста болғанда, әйелі 46 жасында тағы бір қыз туады. Атын Ақбілек деп қояды.

Жасымнан ән үйреттім шөбереме,  
Ән шырқайды шетінен немерем де.  
Ұлым, қызым, шөберем әнші болса,  
Армансыз бұл дүниеден жөнелем де,  
деп жырлаған Кенен ақын 1974 жылы Төрткен қызына домбырасын сыйлап, өлең арнайды:

Домбырамды сыйлаймын,  
Ауылы қызым Төрткенге.  
Ән-шырқайды шетінен дауып,  
Әке жолын күткенге.  
Ерінбей айтып береді,  
Келген менен кеткенге.  
Құмар боп өстің жасыңнан,  
Көпке қызмет еткенге.  
Болса да бөлек тұрағың,  
Жанымды ұққан құрағым,  
Ризамын мен саған,  
Өзгеше туған шырағым.  
Мақам сазын өзгертпе,  
Еліктеп-еріп басқаға.  
Аманат саған ән-мұдап,  
Домбыраңды тастама!

**КЕНЕН ӘЗІРБАЕВТЫҢ ӘНДЕРІ**

Кенен Әзірбаев екі жүзге жуық лирикалық, дидактикалық арнау мен толғаудың авторы. Оның репертуарында ондаған эпикалық жыр-дастан болған. Сол жыр - дастанды таңды - таңға жалғап айтатын болған.

"Атамның жүзден аса әндерінің көбін, анығын айтсам 60-қа жуығын өз аузынан үйренген баласының бірі менмін. Сондықтан да болар, атам маған қатты

сенім артып: "Сонау жоқшылық пен жетімдіктің зардабын тартып жүрген шақтан бастап, одан 1916 жылғы оқиға, Қазан революциясы, 1941-1945 жылғы Ұлы Отан соғысы, қазіргі бейбіт өмірде де мен үн қоспаған бірде-бір оқиға болмапты десем еш қаталеспеймін шырағым, Төрткен. Өлеңдерім, дастан-позмаларым біршама болса да жарияланып, жарық көрді. Ал енді әндерімнің "Бозторғай", "Көкшолақ", "Базар-Назар" сияқты бірнешеуі ғана болмаса, көбін әлі ел естіген де жоқ. Нота білмеген соң, бәрі тек есімде сақтаулы. Кім білсін, олай-бұлай болып кетсе, ең болмаса сен біліп қалсын деп жатқаным ғой", деп бір жаңа ән шығарса алдымен маған үйретуші еді", - деп еске алған Төрткен Кененқызы.

Осылайша 1998 жылы Төрткен Кененқызы Жүсіпбек Елебеков атындағы эстрада және цирк колледжіне жұмысқа кіріседі. Ол мұнда Кененнің елге белгісіз, ешкім білмейтін, 45 пен 60-тың арасында шығарылған "Көпшілік, тыңда әнімді", "Бал құйылды даладан", "Ел қуанышы", "Қайран, ел қайда", "Біздің Отан жеңеді", "Ел қуанышы", "Мөрттай сұлу", "Күлешқа", "Алатау аясында", "Сынаптай сырғақ дүние-ай" секілді әндерін үйретеді.

Кенен шығармаларының тілі оқырманға түсінікті, қарапайым, шешен. Ол қазақ халқының тіл байлығын аса мол игерген ақын. Кенен халық поэзиясына еркін суындап, мақалдап:

Елдің көркі не болар?  
Көкөрай шалғын бел болар, - деп өлеңдерінің дені ән ырғағына лайықты үйлесіп, үндеседі.

Кененнің көсіле көтеріліп, шырқай тартқан тың тақырыбы бар. Ол – ақынның алабұртқан көңіл-күйіне, жан тебіренісіне байланысты туған лирикалары – тарихи өлеңдері. "Қаласын Ленин қорғаймыз", "Жаурамасын батырлар", "Біз жеңеміз", "Тракторшы Елеусіз", "Көк алу", "Төрт батыр", "Майданға сәлем", "Жамбылға көңіл айту", "Батыр болсаң Мәліктей бол", "Қуанышты күн", "Жерлес батырға", "Жеңіс салтанаты", "Күйгенім-ай, сүйгенім-ай" секілді өлең-жырлары ақынның үлкен тебіренісінен туған шығармалар.

Кенен Әзірбаевтың "Бозторғай" әнін көптеген өнерпаз орындап жүр.

Бозторғай, шырылдайсың жерге түспей,  
Мен жүрмін кешке дейін тамақ ішпей.  
Ат қылып ақ таяқты қолыма ұстап,  
Сандалып қой соңында азар кешке...  
Бозторғай, шырылдайсың, шіркін-ай,  
Құтылар күн бар ма екен,  
Қой жаудан бір күн-ай,  
Бозторғай!  
Отырсам қой күзетіп таң атпайды,  
Жүргенде малды бағып кеш батпайды.  
Қарайтын қабағыма бір адам жоқ,  
Бел шешіп, жылы орынға

бір жатпаймын.  
Жүгіріп қозыны айдап сайға барсам,  
Татиды талқан шекер шайна қалсам,  
Шерімді ішімдегі мен төгемін,  
Жүрегім басылғандай өнге салсам.

**КЕНЕН ӘЗІРБАЕВ ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІКТЕР**

Кенен, Кенен деп жүр ғой елдің бәрі,  
Жақсы көріп кетіпті жас пен кәрі.  
Төрт аяғы тең жорға өлеңінің,  
Құлағымнан кетпейді салған әні, деп жырға қосқан жыр алыбы Жамбыл.

Ғалым Ахмет Жұбанов "Кененнің негізгі тақырыбы – біздің заман. Ол осы майданда үзбестен шығармалар беріп келді. Қандай жаңа оқиға болса да. Кенен оны өнде, өлеңде халық арасына үгіттеуде республика композиторларының ішінде бірінші орынның бірін алды... Кененнің репертуары кең. Онда әндерден, өлеңдерден басқа қазақтың "Қобыландысы", қырғыздың "Манасы", түрікменнің "Көрұғлы" сияқты үлкен эпикалық дастандар бар" деген.

Ал ақын Олжас Сүлейменов "Еще юношей Кенен Азирбаев в совершенстве овладел лучшими традициями народной казахской поэзии, стал соратником великого Жамбула, а затем его продолжателем. Поэзия Кенена Азербайбаева – своего рода поэтическая летопись казахского народа", деп бағалаған.

Жазушы Шыңғыс Айтматов "Сіз, Кенен ата, қазақ-қырғызға тең ортақ ұлы адамсыз. Сіздің тойыңыз – біздің тойымыз. Сіздің мерекеміз – біздің мерекеміз. Қырғыз елі сізді өзінің ең таңдаулы ұлдары, өзіңізбен замандас, үзеңгілес, дәмдес болған, Жетісудағы қырғыз-қазақ жерін бірге араласқан, атағы жер жерған Османқұл, Әлімқұл, Атай, Халық және басқа да бұлбұлдай сайраған ақындарындай көреді, солардай ардақ тұтып, сізді өз атамыз, өз ақынымыз, өзіміздің өнердегі Алатауымыз деп есептейді", - деп жазған.

"Өлеңді әркім-ақ айтады, әркімдер-ақ жазады, бірақ солардың ішінде үнемі санаңнан кетпейтін, сезіміңнен ажырамайтын, даусы естіліп, дидары көз алдында тұратындары некен-саяқ. Солардың бірі, бірегейі Кенен", - деген естелігінде ақын Әбділдә Тәжібаев.

Композитор Нұрғиса Тілендиев "Кенекеннің кей шығармалары үлкен полотнодағы музыкалық еңбектерге арқау болды. Мысалы, Евгений Брусиловский оның Затаевич нотаға түсірген бір әнін "Қыз Жібек" операсында пайдаланған. Кенекен есімі, Кенекен бейнесі бүгінде өнерлі ізбасарлары мен өркендерінің көркем туындыларына арқау болар объектіге айналып отыр", - деген.

**КЕНЕН ӘЗІРБАЕВТЫҢ МАРАПАТТАРЫ**

Кенен Әзірбаев 1961 жылы Қазақ ССР-ның халық ақыны болды.

1974 жылы "Ленин" орденімен марапатталған.

1967 жылы "Қызыл ту", 1959 жылы "Құрмет белгісі" ордені берілді.

Жамбыл облысы Қордай ауданында ақын ұзақ жыл бойы тұрған елді мекен Кенен ауылы деп аталады. Ол жерде Кенен Әзірбаев атындағы әдеби-мемориалық музей жұмыс істейді.

Кенен Әзірбаев 1976 жылы 12 сәуірде Жамбыл облысы Қордай ауданында қазіргі Кенен ауылында 92 жасында дүниеден өтті.

Материал ғаламтор желісінен алынды. Ақпарат көзі: Sputnik Қазақстан дерекқоры.





**АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!**

**ӨРТ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАҢЫЗДАР!**

Жағуға болмайды! Ақсу ауданы тұрғындарының назарына! Шабындық жерлерді, көшені және аула үшін қоқыстан тазалағанда көпшілігі оны жағып жібереді. Сол себептен өрт қауіпсіздік нормалары мен ережелерін бұзып жақын орналасқан құрылыстар мен үйлерге қауіп туғызады. Сондықтан қоқысты жинап, арнайы жерге шығарып тастауыңыз қажет. Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекстің «Атмосфераның ауаны сақтау жөніндегі және өндірістік тұрмыстық қалдықтарды жағу және жинау кезіндегі өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтамау туралы» 336 бабына сәйкес өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзған тұлғалар әкімшілік жауапқа айыппұл ретінде тартылады.

**"ӨРТ – 2024" Республикалық командалық штабтық оқу – жаттығуы**



15.05.2024 -16.05.2024 ж. Ақсу ауданы аумағында «Өрт-2024» Республикалық командалық штабтық оқу-жаттығуы өткізілді. Ақсу ауданы ТЖБ, Жансүгіров ауылы 6-ӨСБ, Қапал ауылы 18-ӨС бекетінің жеке құрамы, Қапал орман шаруашылығы қызметкерлері, ауылдық округ әкімдіктерінің ӨС бекеттері мен ерікті өрт сөндірушілері орман алқаптарында табиғи өртті сөндіруді пысықтау бойынша оқу-жаттығуын өткізді.

16.05.2024 ж. Ақсу ауданы ТЖБ бөлімі қызметкерлерімен Жансүгіров ауылындағы Е.Сикымов атындағы орта мектеп-интернатында "Қорғау" оқу жаттығуы өткізілді.



**ДАЛА ӨРТТЕРІНІҢ АЛДЫН АЛАҰЫҚ!**

Жаз мезгілінде дала өрттерінің болуы қазіргі жағдайда белең алу-да. Ескеретін жәйт, көбінесе құрғақ шөптің жануына отты абайсыз қолдану, сөндірілмеген темекі тұқылы, балалардың отпен ойнауы себеп болып табылады. Осыған орай, Ақсу ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі Өрттің алдын алу мақсатында табиғатта болған кезде жанып жатқан сіріңке мен темекі тұқылын тастамау, балалардың сіріңкемен және отпен ойнауына жол бермеу, аң аулауда бықсыған материалдардан жасалған оқ тығынын пайдаланбау, от жағуға және құрылыстардың жанында қоқыстарды жақпауларыңызды ескертеді. Алауды тек топырақ қабатына дейін тазартылған алаңға жағыңыз. Өрт болған жерден шығып, отты сумен сөндіріңіз немесе ошақтың жануы толық тоқтағанға дейін топырақ лақтырыңыз. Шыны ыдысты және сынған шыныны қалдырмаңыз. Басталған өртті сумен, ұзындығы 2 метрге дейінгі жапырақты ағаштардың бұтақтарымен сөндіріңіз немесе топырақ лақтырыңыз.

Ескерту! Дала өрттерін сөндіру кезінде:  
 - Жалынды қаптармен, басқа да қолда бар құралдармен өшіріңіз;  
 - Егер техника болса, оны пайдалануға тырысыңыз, өрт учаскесін жыртыңыз немесе қорғаныс жыртыуды жүргізіңіз;  
 - Ең алдымен оттың таралуын тоқтату керек, одан кейін ең қарқынды жану орындарындағы отты сөндіру керек. Бұл ретте су ағысын жалынға емес, жанған жерге бағыттау керек.

Өрт болған жағдайда Өртке қарсы қызметке 101 және 112 нөмірі бойынша хабарласыңыз!

**ӨРТ ҚАУІПТІ КЕЗЕҢДЕ САҚ БОЛҢЫЗДАР!**



Адами факторлар табиғи өрттердің негізгі себептері болып табылады. Адамдар даладағы өткен жылдан қалған шөптерді жиі өртейді, қатты жел оттың ұшқындарын қалыптастырып, өрт орын алады.

Сонымен қатар, еліміздің аумағында күннің аптап ысуына байланысты дала өрттерінің орын алады. Көп жағдайларда дала өрттері адамдардың абайсыздығынан пайда болады.

Көкке шыққан азаматтардың жаққан оттарын өшірмей кеткендіктен немесе көлік жүргізушілерінің жол жиегіне өшірмей тастай салған темекі тұқылынан, ашық алаңқайда қоқысты немесе құрғақ шөптерді жағуы және т.б. салдардан пайда болады.

Сол себепті, осы кезеңде көкке шыққан азаматтардың далалы аймақта өте сақ болуы және өрт қауіпсіздігі қағидаларының шараларын сақтап, өте мұқият болуы қажет.

Ғимараттар мен құрылыстардың, сондай-ақ тұрғын үйлердің және басқа ғимараттардың аумағы тез жаңғыш қалдықтардан, жапырақ қалдықтарынан, құрғақ шөптерден және т.б. қоқыстардан тазалануы керек.

Ашық өрт жағуға, қалдықтарды өртеуге тыйым салынады. Әрбір тұрғын үйлердің жанына су бөшектері және өрт сөндіргіштерді орналастыруға болады.

Жазғы мезгілде ата-аналар балаларға ерекше назар аударуы тиіс. Ата-аналар балаларға сіріңкемен ойнауға болмайтын түсіндіру керек. Өзіңіздің істеріңізбен балаларды өрт қауіпсіздік ережелеріне үйретіңіз!

**Құрметті аудан тұрғындары!**  
 - Шөптер мен сабандарды жақпаңыздар.

- Бақылаусыз қоқыстарды өртемеңіздер және алау жақпаңыздар.

- Балаларға сіріңкемен ойнауға, шөптерді өртеуге рұқсат бермеңіздер.

- Оттың бір құрылыстан басқасына өтіп кетпеуі үшін, шаруашылық аулаларының, гараж кооперативтерінің аумақтарын құрғақ шөптерден және қоқыстардан тазартыңыздар.

- Жанған сіріңке мен темекі тұқылдарын лақтырмаңыздар.

- Күннің астында бөтелке немесе шыны сынықтарын қалдырмаңыздар.

- Құрғақ және желді ауа-райында алау жақпаңыздар, оларды сөндірусіз қалдырмаңыздар. Егерде Сіз басталған өртті байқасаңыз, мысалы, кішкене өртенген шөп, оны өздігіңізден өшіруге тырысыңыз. Кейде жай ғана жалынды таптап тастау да жеткілікті (шындығында, шөптің бықсып жатпағандығына көз жеткізіп, күте тұру керек, әйтпесе от қайта жануы мүмкін).

Егерде от қатты жанса, оны өз күшіңізбен сөндіре алмасаңыз, шамаңыз келгенше онымен айналысатындарға тезірек хабар беруге тырысыңыз. 101 және 112 телефондарына қоңырау шалып, байқаған жану ошағын және оған қалай бару керектігін хабарлаңыз.


**ЭЛЕКТР ҚҰРАЛДАРЫНАН ШЫҒАТЫН ӨРТ**

Өкінішке орай көпшілік жағдайда өрт тұрғындардың өрттен сақтандыру ережелерін сақтамауынан болады. Мекемелерде, сауда орындарында, тұрғын үйлерде немесе пәтерлерде электр жүйелерін қолдануда, оны мезгілінде жөндеп тұрулары, жаңадан салушылар оны салу жұмыстарын сенімсіз адамдарға тапсырмаулары керек. Электр сымдарды нысандардың, үйдің жанатын бөліктерінің үстімен жүргізуге болмайды, арасында бөлінгіш жанбайтын зат болуы тиіс. Электр жылыту және басқа да электр құралдарды қосылған түрінде қараусыз қалдыруға, тастауға болмайды.

Көбінесе адамдардың өрт қауіпсіздік ережелерін сақтамауынан, немесе балаларды қараусыз қалдырғаннан өрт шығады.

Ұялы телефондарды зарядқада ұзақ қалдырудың және зарядқада тұрған ұялы телефонды пайдаланудың салдарынан өрттің шығуы, күйіп қалу жағдайлары көптеп кездеседі. Сол себепті ұялы телефондарыңызды ұзақ уақытқа зарядқада қалдырмаңыздар, зарядқада тұрған ұялы телефонды пайдаланбаңыздар және балалардың ұзақ уақыт пайдалануына жол бермеңіздер.

Сондықтан да әркім өз ісіне ұқыптылықпен қарап, ертеңгі күннің жағымсыз жағдайын алдын



ала ойлап, болжап, уақытылы алдын алып, болдырмай отырса, барлығы да дұрыс болар еді. Ол үшін өздеріңіз оттан сақ болып; балаларға сіріңке, электр құралдары ойыншық емес екендігін және де ойыннан өрт шыққан жағдайда олардың салдарының қаншалықты ауыр болатындығын жеткізу қажет. Розеткаларды жабық күйде ұстап, балаларды қараусыз қалдырмаңыздар. Электр құралдарын пайдаланғанда абай болыңыздар!

**ГАЗДЫ ТҰРМЫСТА ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК**



Абонент пәтер ішіндегі газ жабдығының тиісті техникалық жағдайын қамтамасыз етуге міндетті.

Құрметті газ тұтынушылар! Өз денсаулығыңыз бен жақындарыңыздың қауіпсіздігі туралы ойлаңыздар – газ жабдығына уақытылы қызмет көрсету мен жөндеуді қамтамасыз етіңіздер!

Газды тұрмыста қолданатын халық міндетті:

• Газ аспаптарының, түтіндіктер мен желдеткіштердің қалыпты жұмыс істеуіне бақылау жасауға, түтіндікке газ жану өнімдерін бұратын газ аспаптарын қосқанға дейін және жұмыс істеуі кезінде түтін тартылуын тексеруге. Түтіндіктің «қалтасын» мерзімді тазалап отыруға.

• Газды пайдаланып болған соң, газ аспаптарында және олардың алдындағы крандарды жабуға.

• Газ жабдығы жарамсыз болғанда «Горгаз-сервис» ЖШС кәсіпорнының қызметкерлерін шақыртуға.

• Пәтер ішінде газ иісі пайда болған кезде газ аспаптарын қолдануды дереу тоқтатуға, аспаптарға жалғанған және аспаптардағы крандарды жабуға, үй-жайды желдету үшін терезелер мен желкөздерді ашуға, 104 телефоны бойынша апаттық қызметті шақыртуға (газдалған үй-жайдан тыс). От жақпауға, темекі тартпауға, электр жарығы мен электр құралдарды қоспауға және қосулы болса, сөндіремеуге, электр қоңырауларды пайдаланбауға.

• Газ құбырлары мен газ жабдықтарын тексеру және жөндеу үшін тәуліктің кез-келген уақытында пәтерге газ шаруашылығы кәсіпорнының қызметкерлерін олар қызметтік куәліктерін көрсеткенде кіргізуге.

**Халыққа тиым салынады:**

Үйлерді (пәтерлер, бау-бақшадағы шағын үйді) газдандыруды өз бетінше жүргізуге, газ аспаптарының, баллон мен бекіту арматураларының орнын ауыстыруға, алмастыруға және жөндеуге Кез-келген газ жүйесін құрастыру тек мамандандырылған ұйыммен жүргізілуі тиіс.

• Сәйкесінше ұйымдардың келісімінсіз, газ аспаптары орнатылған орынжайды қайта жоспарлауды жүзеге асыруға.

• Газ аспаптары орнатылған орынжайларды ұйықтау мен демалу үшін қолдануға.

• Газ шығуын анықтау үшін ашық отты пайдалануға (газ шығуды анықтау сабын эмульсиясымен немесе арнайы аспаппен жүргізіледі).

• Түтін мен желдету жүйелерінің құрылысын өзгертуге.

• Екі қабаттан көп қабаттары бар тұрғын ғимараттарының пәтерлерінде баллондарды орналастыруға тыйым салынады.

• Желдету арналарын бітеп тастауға, түтіндіктерді тазалауға арналған «қалталар» мен люктерді бітеп немесе сылап тастауға.

Газды тұрмыста қолдану Ережелерін бұзған тұлғалар қолданыстағы заңнамаға сәйкес әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Ақсу ауданы ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты, **Азамат ҚАДЫРМОЛДАНОВ,**





## "ҰЛТТЫҚ ҚОР — БАЛАЛАРҒА" БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУДЫҢ 5 АҰЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ НЫСАНАЛЫ ЖИНАҚТАРДЫ ПАЙДАЛАНУЫ

## "БЖЗҚ" АҚ — НЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ БОҰЫНША 2024 ЖЫЛДЫҢ I МАУСЫМЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ: БАРЛЫҚ ӨЛШЕМДЕР БОҰЫНША ОҢ ӨЗГЕРІС БАҰҚАЛДЫ

# БЖЗҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

2024 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша "Ұлттық қор - балаларға" бағдарламасы шеңберінде "БЖЗҚ" АҚ жалпы сомасы шамамен 1,3 млн АҚШ долларын құрайтын 12 921 өтінішті орындады (уәкілетті операторларға өтініш берушілердің банктік шоттарына аудару үшін аударылды). Оның ішінде тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында 686 мыңдай АҚШ долларына 6 842 өтініш, білім беру ақысын төлеу үшін шамамен 610 мың АҚШ долларына 6 079 өтініш орындалды. Бұл ретте нысаналы жинақтарды алушы өзіне тиесілі барлық соманы да, оның бір бөлігін де пайдалануға құқылы, пайдаланылмаған соманың қалдығы нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) қалады.

Естеріңізге сала кетейік, бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық табысының 50% мөлшері жылына бір рет 2006 жылы және одан кейін туған Қазақстан Республикасының азаматы-балалары арасында бөлінеді. 2024 жылғы ақпанда 2023 жылдың қорытындысы бойынша БЖЗҚ-да барлық балаларға алғашқы нысаналы талаптар есептелді, ал 2024 жылы 18 жасқа толған азаматтардың НЖШ-на нысаналы жинақтар есептеліп, төлемдер жүзеге асырыла бастады.

НЖШ-дағы қаражат тұрғын үй жағдайларын жақсарту және БЖЗҚ-мен тиісті келісімдер жасасқан уәкілетті операторлар арқылы білім алуға ақы төлеу мақсатында пайдалануға арналған және АҚШ долларында сақталады. Кәсіпкерлерге қарағанда НЖШ-на нысаналы жинақтарды алушылар оны көрсетілген мақсаттарға пайдалана алады.

Тұрғын үйге арналған нысаналы жинақтарды пайдалану жөніндегі уәкілетті операторлар "Отбасы банкі" тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ, ал білім алуға - "Отбасы банкі" тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ және "Қазақстан Халық банкі" АҚ болып табылады.

**Тұрғын үйді жақсарту**  
Шымкент қаласының тұрғындары (103,8 мың АҚШ долларынан астам сомаға 1034 өтініш орындалды), екінші орында - Қызылорда облысының тұрғындары (83,6 мың АҚШ долларынан астам сомаға 832 өтініш орындалды), үшінші

орында - Шығыс Қазақстан облысының тұрғындары (46,8 мың АҚШ долларынан астам сомаға 466 өтініш орындалды).

Самыми популярными субцелями использования средств на улучшение жилья стали: пополнение вклада в жилищные строительные сбережения для дальнейшего накопления (исполнено 6582 заявления на сумму около 660 тыс. долларов США), приобретение жилища в собственность по гражданско-правовым сделкам (окончательный расчет) - 83 заявления на сумму около 8,3 тыс. долларов США, внесение первоначального взноса для получения ипотечного жилищного займа на приобретение жилища - 73 заявления на сумму более 7,3 тыс. долларов США.

Тұрғын үйді жақсартуға арналған қаражатты пайдаланудың ең танымал қосалқы мақсаттары: одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылыс жинақ ақшасына салымды толықтыру (660 мыңға жуық АҚШ долларына 6582 өтініш орындалды), азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алу (түпкілікті есеп айырысу) - 8,3 мыңдай АҚШ долларына 83 өтініш, тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарнаны енгізу - 7,3 мың АҚШ долларынан астам сомаға 73 өтініш орындалды.

**Білім алу ақысын төлеу**  
Білім алу ақысын төлеу мақсатында Шымкент қаласының тұрғындарынан (96,2 мыңға жуық АҚШ долларына 958 өтініш), екінші орында - Жетісу облысының тұрғындарынан (621 мыңдай АҚШ долларына 621 өтініш), үшінші орында - Жамбыл облысының тұрғындарынан (60,4 мыңдай АҚШ долларына 603 өтініш) түскен өтініштер орындалды.

Бұл ретте осы бағыт бойынша ең танымал қосалқы мақсаттар: Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде бір мезгілде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (500,1 мыңнан астам АҚШ долларына 4 986 өтініш орындалды), білім беру жинақтау қорын білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша (80,8 мыңдай АҚШ долларына 805 өтініш орындалды) толықтыру, шетелдік білім беру ұйымдарының білім

беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде біржолғы (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (20,8 мыңнан астам АҚШ долларына 208 өтініш орындалды) болды.

Жыл сайын жоғарыдағы қаражат Ұлттық қордың өсуі және инвестициялық кіріс алу есебінен ұлғаятын болады. Бұдан басқа, есептелген қаражат Ұлттық қор активтерінің құрамына инвестициялауды жалғастыруда және Бағдарламаға қатысушы балаларға олар 18 жасқа толғанға дейін қосымша инвестициялық кіріс өкеледі.

Естеріңізге сала кетейік, бағдарламаға қатысушылардың жалпы саны 01.01.2024 ж. - 6 919 131 бала (01.01.2006 ж. бастап 31.12.2023 ж. дейін туған балалар). Оның ішінде 304 815 қатысушы 2024 жылы 18 жасқа толады (01.01.2006 ж. бастап 31.12.2006 ж. дейін туған балалар). Бұлардың барлығына 100 АҚШ доллары 52 цент мөлшерінде бірдей нысаналы талап сомасы есептелген.

Баланы нысаналы талаптарға қатысушылардың тізіміне енгізу туралы ақпаратты ата аналар немесе кәсіпкерлерге қарағанда тұлғаның басқа да заңды өкілдері баланың ЖСН бойынша kids.enpf.kz сайтында тексеріп, бағдарламаның шарттарымен, нұсқаулықтармен танысып, қызықтырған сұрақтарға жауаптар ала алады. Мұны қалай жасау керектігі туралы толық нұсқаулық БЖЗҚ ЕНПФ YouTube арнасында орналастырылған.

Сондай-ақ, әрбір балаға есептеулер туралы деректерді ата аналар еуралы enpf.kz порталындағы жеке кабинетте тексере алады.

2024 жылы 18 жасқа толатын қазақстандықтар БЖЗҚ интернет-ресурсында және (немесе) "электрондық үкіметтің" веб-порталында жеке кабинет арқылы НЖШ-на қаражаттың түсуін өз бетінше тексере алады.

Жас мөлшері, республиканың өңірлері бөлінісіндегі есептеулер бойынша статистикалық есептер enpf.kz сайтында орналастырылады.

Тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алуға ақы төлеу мақсатында уәкілетті операторлар мен өңірлер бөлінісінде нысаналы жинақтарды төлеу туралы толық ақпаратпен enpf.kz сайтында танысуға болады.

2024 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша отандастарымыздың БЖЗҚ-дағы зейнетақы шоттарындағы зейнетақы активтері 19,2 трлн. теңгеден асып, жыл басынан бері 5 ай ішінде 1,4 трлн. теңгеге (немесе 7,7%) өсті. Зейнетақы жинақтарының жылдық өсімі 3,4 трлн. теңгеден асты (немесе 21,5%).

Жалпы зейнетақы қоржынында міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен қалыптастырылған жинақ 96% асады. Оның көлемі бір жылда 21% ұлғайып, 2024 жылғы 1 маусымға шамамен 18,6 трлн теңге болды. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен зейнетақы жинақтары 601,7 млрд. теңгеден асты (бір жылдағы өсім - 21,5%). 2023 жылғы 1 маусыммен салыстырғанда 45,6% ұлғайған ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша шоттарда шамамен 6,2 млрд. теңге жинақталды.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына қосымша қаражат - жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) түсуде. 2024 жылдың 5 айында ЖМЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының сомасы 77,5 млрд теңгеден асты.

### Кіріс ағындары

Зейнетақы жинақтарының көлемі зейнетақы жарналары мен инвестициялық табыс түріндегі кіріс ағындары есебінен ұлғаяды. 2024 жылғы қаңтар - мамырда салымшылардың шоттарына түскен зейнетақы жарналары 1 трлн. теңгеден асты (өсім өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 29,2% немесе 244 млрд. теңгеге артық).

Жарналардың барлық түрлері оң сипатты көрсетті: МЗЖ есепке алынатын жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) жыл басынан бері 01.06.2024 жылға дейін 954,7 млрд теңгеден астам (бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 19,8% артық), МЗЖ есепке алынатын ЖЗШ-ға шамамен 47,3 млрд. теңге (өсім 20,6%), ЕЗЖ - 1,2 млрд. теңге (өсім 34,1%) түсті.

БЖЗҚ салымшыларының жеке және шартты зейнетақы шоттарына есептелген таза инвестициялық кіріс жыл басынан бері 01.06.2024 ж. шамамен 631,4 млрд. теңге. Бұл сома өткен жылмен салыстырғанда

шамамен 138 млрд. теңгеге (немесе 28%) артық.

### Төлемдер мен аударымдар

2024 жылдың 5 айында БЖЗҚ-дан жарналардың барлық түрлері бойынша жасалған төлемдер мен сақтандыру ұйымдарына аударымдар түріндегі шығыс ағындары 367,3 млрд. теңгеден асты. Бұл былтырғы сәйкес кезеңдегі төлемдер көлемінен 195,4 млрд. теңгеге (немесе 113,6%) жоғары.

151,5 млрд. теңге - тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ). Зейнет жасына толуына байланысты төлемдер шамамен 81,6 млрд теңге, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 36% жоғары.

Сондай-ақ, осы кезең ішінде мұрагерлік бойынша төлемдер - 23,7 млрд. теңге, ҚР шегінен тыс тұрақты тұруға кетуге байланысты төлемдер - 14,3 млрд. теңгеден астам, мүгедектігі бар адамдарға төлемдер - 1,3 млрд. теңгеден астам, жерлеуге төлемдер - шамамен 4,2 млрд. теңге көлемінде жүзеге асырылды. Сақтандыру ұйымдарына 90,7 млрд. теңгеден астам сома аударылды.

Зейнет жасына толуына байланысты БЖЗҚ-дан берілетін орташа айлық төлем - 33 921 теңге, ал ай сайынғы төлемнің ең жоғарғы сомасы - 945 752 теңге болды.

### ЖЗШ саны

2024 жылдың 1 маусымдағы жағдай бойынша БЖЗҚ-дағы зейнетақы шоттарының жалпы саны 16,1 млн. бірліктен асты. Бұл ретте салымшылардың (алушылардың) БЖЗҚ-дағы ЖЗШ саны 2024 жылдың 1 маусымына 12,3 млн. бірлікке тең. Оның ішінде: 11 млн. - МЗЖ бойынша, 681,4 мың - МКЗЖ бойынша, 416,7 мыңы - ЕЗЖ есептелетін шоттар.

Ал БЖЗҚ-дағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келіп түскен ЖМЗЖ туралы мәліметтер ескерілетін шартты зейнетақы шоттарының саны - шамамен 3,8 млн. бірлік.

Зейнетақы активтеріне қатысты барлық өзекті ақпарат, соның ішінде республика өңірлері бойынша мәліметтер enpf.kz сайтындағы «Көрсеткіштер» бөлімінде орналастырылған.

## ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ 2024 ЖЫЛДЫҢ 5 АҰЫНДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КІРІСІ ӨТКЕН ЖЫЛҒЫ КӨРСЕТКІШТЕН АСЫП ТҮСТІ

активтерінің кірістілігі 3,49%, соңғы 12 айда 10,31% болды.

Инвестициялық кіріс қаржы құралдары (бағалы қағаздар, салымдар және басқа операциялар бойынша) бойынша сыйақы түріндегі кірістерден, қаржы құралдарын нарықтық және валюталық қайта бағалаудан, сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістерден және т.б. құралады. Инвестициялық портфельді әртараптандыру зейнетақы жинақтарының сақталуын және орнықты кірістілігін қамтамасыз етеді.

Зейнетақы жинақтары - ұзақ мерзімді инвестиция, сондықтан инвестициялық кірістің мөлшерін кем дегенде бір жыл ішінде талдаған жөн. Егер неғұрлым ұзақ мерзімді инвестициялық кезеңді алсақ, мысалы, жинақтаушы зейнетақы

жүйесі 1998 жылы құрылған сәттен бастап 2024 жылғы 1 маусымға дейінгі аралықта инвестициялық кірістілік өспелі қорытындымен 848,42% болса, сол мерзімдегі инфляция 784,21% көрсетті. Осылайша, инвестициялық кірістілік ұзақ мерзімді кезең ішінде инфляциядан асып түсті.

Бұған қоса, Қазақстанда инфляция деңгейін ескере отырып, зейнетақы жарналарының міндетті түрлерінің сақталуына бірегей кепілдік қолданылады. Салымшының төлемге құқығы басталған кезде жинақталған кірістілігіне есер еткен жекелеген уақыт аралығындағы кірістілік төмендеген жағдайларда, айырманың өтемақысына мемлекет кепілдік береді.

2024 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша жұмыс берушінің міндетті

зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен қалыптастырылған БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі - 1,14%. Атап кетейік, ЖМЗЖ шартты зейнетақы шоттарына 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап түсе бастады, жинақтардың жалпы сомасы - 77,5 млрд. теңге.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару мен есепке алудың бүкіл жүйесі ашық: әрбір салымшының enpf.kz сайтындағы немесе ұялы қосымшадағы жеке кабинетінен өзінің инвестициялық кірісін көруге мүмкіндігі бар.

БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару және олар орналастырылған қаржы құралдары туралы ақпарат Қордың (www.enpf.kz) ресми сайтындағы «Көрсеткіштер/Инвестициялық қызмет» бөлімінде жарияланады.

**Мәди БАЙДҮЙСЕН,**  
**«БЖЗҚ» АҚ Жетісу облыстық филиалының операциялық бөлімінің Жансүгіров ауылындағы қызмет көрсету орталығының маманы.**

**2024 жылдың 5 айында салымшылар мен алушылардың зейнетақы шоттарына бөлінген таза инвестициялық кіріс 631,3 млрд. теңгеден асты. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 138 млрд теңгеге (немесе 28%) артық.**

Естеріңізге сала кетейік, 2024 жылдың 1 маусымына зейнетақы активтерінің (міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен қалыптастырылған) жалпы сомасы шамамен 19,2 трлн. теңгеге жетті. Бұл ретте 2024 жылдан бері жинақталған (зейнетақы активтері БЖЗҚ-ға біріктірілгеннен кейін) таза инвестициялық кіріс 9 трлн. теңгеден асты. Жүзеге асырылған төлемдерді ескерсек, бұл зейнетақы активтерінің 37% астам бөлігі.

2024 жылдың 5 айындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқаруындағы МЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ есебінен құрылған БЖЗҚ зейнетақы



# АҚСУДЫҢ ТҰЛҒАЛЫ АЗАМАТЫНЫҢ БІРІ АМАНТАЙ ТӘҢІРБЕРГЕНҰЛЫН ЕСКЕ АЛУ

Сынаптай сырғып өтіп жатқан уақытты, жылғадай жылжып аққан жылдарды бағамдасақ, абзал өке, адал жар, айнымас дос, қадірлі бауыр, бәрінен де адамгершілік қасиеттері мен кіндік қаны тамған Ақсу еліне, жеріне өшпестей із қалдырған Амантай Тәңірбергенұлының өмірден өткеніне 15 жыл толыпты.

Айтуға оңай, бұл 15 жыл адам көңіліне сыймайтын толқыныстар жиынтығынан тұрады. Атап айтсақ, түбі бір туыстардың бауырға, баланың әкесіне, тағдыр қосқан қосағының жарына, артынан ерген іні - қарындасының ағасына деген шетсіз - шексіз сағыныштары екенін тізсек, бүгін жөн шығар.

Амантай сенің бойыңдағы алмас қылыштай өткірлік, адалдықтың ақ жолынан айнымайтын турашылдық, әділеттілік, жасампаздық келбетің сені өзгелерден ерекше етіп көрсетуші еді.

Оқытушылықтан бастап мемлекеттік қызметтің қай саласында болсаң да, өзіңе тән ерекше еңбекқорлығыңмен табандылығыңмен қарапайым қалпыңда өзің басқарған ортаңда үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете жүріп зор беделге ие болдың.

Ой өрісі кең, талғамы биік, пейілі таза, ниеті түзу, ағайынға бауырмашыл құшағын аша білген Амантай парасатты



адам ретінде ел алдындағы парызыңды ойдағыдай орындауды мақсат етіп, аянбай еңбек ете саналы ғұмыр кештің. «Тектілік текке кетпейді, тамырын ұрпаққа салып жапырағын жаяды» дегендейін Амантайдың бойыңдағы асыл қасиеттердің бәрі ата - ана тегіне байланысты болса керек. Ауданымыздағы беделді отбасының бірегейі осы Ысқақовтар еді. Оның бастауы үлкен ағасы Есімхан мен зайыбы Күләштан басталатынын айтсақ жеткілікті. Бұл сенің ұрпақтарыңа үлкен өнеге, адал жарың Жолтайыңмен ұлағатты ұрпақ тәрбиеледіңдер. Бәрі де жоғары білімді, әрқайсысы үлгілі отбасылы, қызметтерінде

сыйлы, құрметті. Ұлың Жарас Ысқақовтар әулетінің атын әуелетіп Астанада жауапты қызметте. Олар ата - ана алдындағы парыздарын абыроймен орындауда. Соның айғағы ағайын - туыс, дос - жолдастардың басын қосып Тәңірберген атасы мен Бижікен анадан тараған өмірден озған ұрпақтарының бәріне, оның ішінде Амантайдың қайтыс болғанына 15 жыл толғанына орай киелі дастархан жайып, құран бағыштап отыр. Шын жүректен ниеттеріңе қабыл болсын айтамын. Құранда аты аталғандардың бәріне жандарыңыз жаннатта, тәндеріңіз рахатта, жаққандарыңыз шырақ, мінгендеріңіз пырақ, ауыр топырақтарыңыз жеңіл, қараңғы орындарыңыз жарық, бәтиха бізден, рахым Алладан болсын деп тілейік. Артындағы ұрпақтары амандықта, бақытты ғұмыр кешсін. Ысқақовтар әулетінің ішінен елге танымал азаматтардың шығуына тілектеспін.

Қымбатты көпшілік, барлықтарыңыздың отбасыларыңызға зор денсаулық, баянды бақыт тілеймін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш, бейбіт заман басымыздан таймасын.

**ЗОР ҚҰРМЕТПЕН ЕСКЕ АЛУШЫ ТУЫСЫҢ ЖАРМҰХАМЕТ ОТБАСЫНЫҢ АТЫНАН АЖАР.**

# БАЛАЛАР ТҮНГІ ҚАЛАДА




Балалар - біздің мемлекеттің болашағы. Болашақтың сынағынан сабақ алмай тұрып қауіп - қатерді болдырмау, әрекет ету әрбір азаматтың міндеті. Олардың дұрыс жүріп тұрулары, әрине, ата - ананың, ересектердің үздіксіз жұмыстарының нәтижесінде болмақ! «Тәрбие тал бесіктен», - деп атам қазақ бекер айтпасты. Сондықтан да, Сіз болып, біз болып еліміздің ертеңін жалғастыратын балаларымызға дұрыс жол сілтеу болашағымыздың бұлыңғыр болмасына бірден - бір кепіл.

Осыған қарай Барлыбек Сырттанов ауылдық округінде балалармен түнгі қала акциясы бойынша округтік учаскелік полицей Ұ.Мұқатайұлы, жастар ісі жөніндегі әдіскер А.Сейітханқызы, «Барлыбек Сырттанов ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маман іс-жүргізушісі Ж.Даниярқызы сапалы жұмыс жасауда. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», - демекші ауылымыздың адамдары да атқарылатын жұмыстың тиянақты болуына өз септіктерін тигізуде.

**Жанерке МАХАДАЙ, Б.Сырттанов ауылдық округінің бас маман іс - жүргізушісі.**

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС – БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ ІС

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – кез - келген мемлекет үшін өзекті мәселелердің бірі. Барлық елдерде жемқорлыққа қарсы экономикалық, құқықтық және басқа да шаралар қолданылуда. Қазақстан Республикасында тәуелсіздік алған сәттен бастап сыбайлас жемқорлық орын алған аса ауыр қылмыстарға қатысты қатаң мемлекеттік саясат қалыптасты. Еліміз ТМД мемлекеттерінің арасында бірінші болып 1998 жылы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» арнайы заңын қабылдады. Сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп-өркендеп, қайда мол қаражат пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа дамушы елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді де жегі құрттай бұл кесел айналып өткен жоқ. Әрине, сыбайлас жемқорлық сылып тастайтын сыртқы жара емес, тамырын тереңге жайған, өзге сау органдарын шырмап, тыныс-тіршілігін тарылтатын, сөйтіп олардың толыққанды қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті кесел. Ол жараны емдемес бұрын аурудың пайда болу, даму, таралу жолдарын біліп, дерттің қозуына қолайлы жағдай тууына жол бермеуіміз керек. Ол үшін сыбайлас жемқорлыққа қоғам болып қарсы тұрып, сыбайлас жемқорлық көрністеріне қолдан келгенше тосқауыл қойып, сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерінің алдын-алуда әрбір Қазақстандық өзгелерге үлгі болуы тиіс. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі-сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрғындардың мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет



дегеніміз-ол жемқорлыққа қарсы белсенді азаматтық позиция, яғни көзқарас. Әрбір азамат өзінің конституциялық құқығын қорғауға міндетті. Қандай да болмасын «қолы да, жолы да ұзын» адамдар азаматтардың құқығын таптап, заңсыз әрекеттерге баратын болса, әділдікті орнатушы құқық қорғау органдары. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп қара қылды қақ жарып, турасын айтып, әділдікке жүгінген халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, еңсесі биік мемлекеттердің қатарына жетуді көздеп отырған шақта сол адами қалыппарасат биігінен көрінуге тиіспіз. Сыбайлас жемқорлықпен бірге күресейік!

**Меруерт УАЛИ, Ақсу ауылдық мәдениет үйінің директоры.**



## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ МІНДЕТІ – ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС



Сыбайлас жемқорлық қоғамдық қауіпті құбылыс ретінде көптеген қазіргі заманғы мемлекеттердің, соның ішінде Қазақстанның қоғамдық өміріне тән жағымсыз құбылыстардың салдары болып табылады. Мемлекеттік билік органдарындағы сыбайлас жемқорлық қазақстандық қоғам үшін ең үлкен қауіп болып табылады. Оның кең таралуы мен жүйеленуі жеке мүдделер көбінесе бүкіл мемлекеттің мүдделерінен асып кетуіне әкелді. "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" сыбайлас жемқорлықты ұлттық қауіпсіздікке тікелей қатер дәрежесіне көтереді және мемлекет пен қоғамды осы жағымсыз құбылыспен күресте күш-жігерді біріктіруге бағыттайды. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарынан қызметтік әдеп нормалары мен ережелерін бұзушылықтарды ажырату мақсатында "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" заңмен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін тәртіптік жауапкершілік алынып тасталды. Сыбайлас жемқорлық субъектілерінің жауапкершілігі қылмыстық және әкімшілік заңнама призмасы арқылы қаралады. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға мыналар жатады:

- жеке тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі; - мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамның немесе оған теңестірілген адамның заңсыз материалдық сыйақы алуы;
- заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі;
- мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы және заңсыз кіріс алуы;
- мемлекеттік органдар басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қолданбауы.
- Құқық бұзушылықтың осы түрлерін жасағаны үшін жүзден алты жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл түрінде әкімшілік жауапкершілік көзделген. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық белгілі бір мерзімге құқығынан айыра отырып не белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойы айыра отырып, мүлкін тәркілей отырып, айыппұлдарды, шектеуді немесе бас бостандығынан айыруды көздейді.
- Сондықтан да Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі – осы зұлымдықпен күресу болып отыр. Кез - келген азамат төтенше жағдайлар бөлім қызметкерлерінің заңсыз әрекеттеріне қарсы Ақсу ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің 8 (72832) 2-13-86 сенім телефонына хабарласа алатынын ескертеміз.

**А.ҚАДЫРМОЛДАНОВ, Ақсу ауданының ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.**

**"АҚСУ Өңірі" Меншік иесі - ЖШС "Ақсу өңірі" газеті" Құрылтайшы, директор - бас редакторы ҚАСЫМБЕКОВА ЛӘЗЗАТ ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ**

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

**БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:** Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде  
Тапсырыс 488 Осы шығарылымның таралымы 2135

Директор - бас редактор - 2-12-90, жауапты хатшы - 2-12-90.  
Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru  
Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz  
Индекс: 65750  
Офсеттік басылым көлемі 26 т.